

Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілері түрлерінің анықтамалығы туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 191 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 4 және 7-тармақтарына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 155 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі туралы ережені басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілері түрлерінің анықтамалығы (бұдан әрі – анықтамалық) бекітілсін.

2. Анықтамалық Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпарат жүйесі ресурстарының құрамына енгізілсін.

3. Мынадай:

анықтамалық осы Шешім күшіне енген күннен бастап қолданылады;

анықтамалық Одақ шеңберіндегі ортақ процестерді Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін Одақ органдарының актілеріне сәйкес Одақ шеңберінде ортақ процестерді іске асыру кезінде қолданылады;

анықтамалықтың кодтық белгілемелерін пайдалану Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін анықтамалықтар мен сыныптауыштардан егжей-тегжейлі мәліметтерді қалыптастыру кезінде міндетті деп белгіленсін.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2022 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 191 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілері түрлерінің АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

I. Анықтамалықтан егжей-тегжейлі мәліметтер

--	--

Акт түрінің коды	Акт түрінің атауы
10000	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісі
11000	Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің актісі
11001	Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі
11002	Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің өкімі
11003	Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің тапсырмасы
12000	Еуразиялық үкіметаралық кеңестің актісі
12001	Еуразиялық үкіметаралық кеңестің шешімі
12002	Еуразиялық үкіметаралық кеңестің өкімі
12003	Еуразиялық үкіметаралық кеңестің тапсырмасы
13000	Еуразиялық экономикалық комиссияның актісі
13100	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің актісі
13101	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімі
13102	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің өкімі
13103	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің ұсынымы
13104	Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің тапсырмасы
13200	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының актісі
13201	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімі
13202	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының өкімі
13203	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының ұсынымы
14000	Еуразиялық экономикалық одақ Сотының актісі
14001	Еуразиялық экономикалық одақ Сотының қаулысы
14002	Еуразиялық экономикалық одақ Сотының шешімі
14003	Еуразиялық экономикалық одақ Сотының консультативтік қорытындысы
14100	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Үлкен алқасының актісі
14101	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Үлкен алқасының қаулысы
14102	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Үлкен алқасының шешімі
14103	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Үлкен алқасының консультативтік қорытындысы
14200	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Алқасының актісі

14201	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Алқасының қаулысы
14202	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Алқасының шешімі
14300	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Апелляциялық палатасының актісі
14301	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Апелляциялық палатасының қаулысы
14302	Еуразиялық экономикалық одақ Соты Апелляциялық палатасының шешімі
20000	Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік органының актісі
21000	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің актісі
21001	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Мемлекетаралық Кеңесінің шешімі
22000	Кеден одағы Комиссиясының актісі
22001	Кеден одағы Комиссиясының шешімі
23000	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сотының шешімі

II. Анықтамалық паспорты

Р/с№	Элементтің белгілемесі	Сипаты
1	2	3
1	Коды	1040
2	Типі	1 – анықтамалық
3	Атауы	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілері түрлерінің анықтамалығы
4	Аббревиатурасы	ОАТА
5	Белгілемесі	ЕО 040-2022 (1-ред.)
6	Анықтамалықты (сыныптауышты) қабылдау (бекіту) туралы актінің деректемелері	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 191 шешімі
7	Анықтамалықтың (сыныптауыштың) қолданысқа енгізілген (қолданыла бастаған) күні	Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 191 шешімі күшіне енген күннен бастап
8	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолдануды тоқтату туралы актінің деректемелері	–
9	Анықтамалықты (сыныптауышты) қолданудың аяқталған күні	–

10	Оператор (операторлар)	Еуразиялық экономикалық комиссия
11	Мақсаты	анықтамалық 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға сәйкес берілген өкілеттіктер шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ органдары қабылдайтын актілер мен басқа да құжаттардың түрлері туралы мәліметтерді жүйелеуге және кодтауға арналған
12	Аннотациясы (қолданылу саласы)	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ортақ процестерді іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында электрондық құжаттарды (мәліметтерді) қалыптастыру; Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпараты жүйесінің құрамына енгізілетін анықтамалықтар мен сыныптауыштар қолданысының басталуын (аяқталуын) регламенттейтін Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерінің түрлері туралы ақпарат беру
13	Түйін сөз	акт, Еуразиялық экономикалық одақ, Еуразиялық экономикалық одақ органы, Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік органы, Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік
14	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының өкілеттіктері іске асырылатын сала	Барлық сала
15	Халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) сыныптамананы пайдалану	2- анықтамалықтың халықаралық (мемлекетаралық, өңірлік) баламалары жоқ
16	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік анықтамалықтарының (сыныптауыштарының) бар-жоғф	2 – анықтамалықтың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде баламасы жоқ
17	Жүйелеу (сыныптау) әдісі	1 – жүйелеудің реттік әдісі
		1 – анықтамалықты жүргізудің орталықтандырылған әдістемесі. Анықтамалықтың мәндерін

18	Жүргізу әдістемесі	қосуды, өзгертуді немесе алып тастауды оператор Еуразиялық экономикалық комиссияның актісіне сәйкес орындайды. Мәні алып тасталған жағдайда, анықтамалықтың жазбасы алып тасталған күнінен бастап жарамсыз деп белгіленеді, Еуразиялық экономикалық комиссияның анықтамалық жазбасы қолданысының аяқталуын регламенттейтін актісі туралы мәліметтер көрсетіледі. Анықтамалық кодтар бірегей болып табылады, анықтамалық кодтарын, оның ішінде жарамсыз кодтарды қайта пайдалануға жол берілмейді
19	Құрылымы	анықтамалық құрылымының сипаты (анықтамалық құрамы, олардың мәндерінің саласы және қалыптастыру қағидалары) осы анықтамалықтың III бөлімінде келтірілген
20	Деректердің құпиялылық дәрежесі	анықтамалықтағы мәліметтер ашық қолжетімді ақпаратқа жатады
21	Қайта қараудың белгіленген кезеңділігі	белгіленбеген
22	Өзгерістер	–
23	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) егжей-тегжейлі мәліметтерге сілтеме	(анықтамалықтан егжей-тегжейлі мәліметтер осы анықтамалықтың I бөлімінде келтірілген
24	Анықтамалықтан (сыныптауыштан) мәліметтерді ұсыну тәсілі	(Еуразиялық экономикалық одақтың ақпараттық порталында жариялау

III. Анықтамалық құрылымның сипаттамасы

1. Осы бөлім анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамын, оның ішінде деректемелер мәндерінің салаларын және оларды қалыптастыру қағидаларын айқындайды.

2. Анықтамалықтың құрылымы мен деректемелік құрамы кестеде келтірілген, онда келесі бағандар (графалар) қалыптастырылады:

"деректеме атауы – реттік нөмірі және деректеменің қалыптасқан немесе ресми сөз арқылы белгілемесі;

"деректеме мәнінің саласы" – деректеменің мағынасын (семантикасын) түсіндіретін мәтін;

"деректеменің мәнін қалыптастыру қағидалары" – деректеменің мақсатын нақтылайтын және оны қалыптастыру (толтыру) қағидаларын айқындайтын мәтін немесе деректеменің ықтимал мәндерінің сөз арқылы сипатталуы;

"көпт." – деректеменің көптігі (міндеттілік (опционалдық) және деректемелердің ықтимал қайталану саны).

3. Берілетін деректер деректемелерінің көп рет қайталануын көрсету үшін мынадай белгілемелер пайдаланылады:

1 – деректеме міндетті, қайталауға жол берілмейді;

n – деректеме міндетті, n рет қайталануға тиіс ($n > 1$);

1..* – элемент міндетті, шектеусіз қайталануы мүмкін;

n..* – деректеме міндетті, кемінде n рет қайталануға тиіс ($N > 1$);

n..m – деректеме міндетті, кемінде n рет және m реттен артық емес қайталануға тиіс ($N > 1, m > n$);

0..1 – деректеме опционалды, қайталауға жол берілмейді;

0..* – деректеме опционалды, шектеусіз қайталануы мүмкін;

0..m – деректеме опционалды, m реттен асырмай қайталануы мүмкін ($m > 1$).

Кесте

Анықтамалықтың құрылымы және деректемелік құрамы

Деректеме атауы	Деректеме мәнінің саласы	Деректеменің мәнін қалыптастыру қағидалары	Көпт.
1. Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің түрі	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1..*
1.1. Акт түрінің коды	символдар жолы. Шаблон: \d{5}	кодтық белгілеме сериялық-реттік әдіспен қалыптастырылады	1
1.2. Акт түрінің атауы	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 250	атауы орыс тілінде мәтін түрінде қалыптастырылады	1
1.3. Еуразиялық экономикалық одақ органының коды	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 20	Еуразиялық экономикалық одақ органдарының, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік және басқару органдарының, сондай-ақ олар уәкілеттік берген ұйымдардың анықтамалығына сәйкес кодтық белгілеме	0..1

1.4. Анықтамалықтың (сыныптауыштың) жазбасы туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1
1.4.1. Іс-қимылдың басталу күні	MEMST ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күні	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген іс-қимылдың басталу күніне немесе өзгерістер енгізілген күнге сәйкес келеді	1
1.4.2. Іс-қимылдың басталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	1
1.4.2.1. Акт түрі	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \d{5}	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісі түрінің кодтық белгілемесі	1
1.4.2.2. Акт нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
1.4.2.3. Акт күні	MEMST ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күні	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісін қабылдау күніне сәйкес келеді	1
1.4.3. Іс-қимылдың аяқталу күні	MEMST ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күні	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісінде көрсетілген іс-қимылдың аяқталу күніне сәйкес келеді	0..1
1.4.4. Іс-қимылдың аяқталуын регламенттейтін акт туралы мәліметтер	салынған деректемелер мәндерінің салаларымен айқындалады	салынған деректемелерді қалыптастыру қағидаларында айқындалады	0..1
1.4.4.1. Акт түрі	символдардың қалыпқа келтірілген жолы. Шаблон: \d{5}	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің түрінің кодтық белгілемесі	1
1.4.4.2. Акт нөмірі	символдар жолы. Ең аз ұзындығы: 1. Ең көп ұзындығы: 50	Еуразиялық экономикалық одақ органы актісінің нөміріне сәйкес келеді	1
1.4.4.3. Акт күні	MEMST ИСО 8601-2001 сәйкес YYYY-MM-DD форматында күнді белгілеу	Еуразиялық экономикалық одақ органының актісін қабылдау күніне сәйкес келеді	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК